

6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған ізденуші диссертант Даникеева Айгуль Бакытжановнаның «Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуы» тақырыбында дайындаған диссертациясы бойынша тағайындалған ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес және Қазақстан республикасының білім беру саясаты аясындағы «Білім туралы» заң, білім беру жүйесін дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар, нормативтік-құқықтық нұсқаулар, Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты, Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер /ҚР МЖМБС басшылыққа алынған/. Педагогикалық мамандықтарды даярлайтын білім беру бағдарламаларына негіз болатын оқу-жұмыс жоспарлары мен оқу-әдістемелік кешендер және бүгінгі білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуетін көкейкесті мәселе ретінде қарастырушы педагогтардың, психологтардың және тұлға әлеуетіне қатысты философиялық еңбектер мен ғылыми-педагогикалық бағыттағы мерзімді басылымдар назарға алынған. Қазіргі білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуеті дамуының теориясы,

			таным теориясы, біртұтас педагогикалық үдеріс түсінігі мен көзқарас, жеке тұлғаның өзіндік болмысын және оны кәсіби іс-әрекетке бейімдеу мен мұғалімдік қызметке кәсіби бейімдеудің педагогикалық тұжырымдамасы, үздіксіз білім беру және өзін-өзі дамыту жайындағы теориялар, әрі педагогтың кәсіптік дайындығын арттыруға негіз болатын философиялық, психологиялық, педагогикалық т.б. ғылыми еңбектердегі ой тұжырымдарға сүйенеді. Әрине нәтижелі кәсіби іс-әрекетке қол жеткізу жолында ол алғашқы дайындық кезеңде қалыптасу үдерісінен өтеді, сонан кейін ғана оның жетілдіруі мен кәсіби әлеуетін сәйкес өздігінен қызмет ету барысында дамиды. Ғылыми зерттеу жұмысында «педагогтың кәсіби әлеуетін» және «педагогтың кәсіби әлеуетін дамыту» ұғымдарына талдаулар жасалынып, олардың мәні мен мазмұнын ашып қарастыру – басты және заңды мәселе ретінде қарастырады. Диссертациялық жұмыстың негізі болып табылатын түсініктер жайында кейінгі жылдардағы психология мен педагогикада қалыптасқан жеке тұлғаның кәсіби әлеуетін анықтау жолдарын, тәсілдерін, заманауи тұжырымдамаларын басшылыққа алынған және соларға сүйене отырып сипаттамалары берілген.
--	--	--	---

		Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін дәлелдейді.
1)Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3)Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	1.3 Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес. Бүгінгі таңда мектептің жұмысын қайта қарау, қоғам дамуының жаңа жағдайларына үйлесімді мақсат, міндеттерін тұтастай жаңашалау қажеттілігі өзекті мәселелердің бірі. Оқыту барысында тәрбиелеу қағидаттық ұстанымын, тәрбиелей отырып оқыту қағидаттық ұстанымына алмастыру іске асырылуда. Қазіргі мектептегі педагогтың және оның қызметінің мазмұны қайта қаралып, тәрбиелеу мен оқытудың жаңаша жүйесіне бейімделу үдерістері іске асырылуда. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында белгіленген мақсаттар мен міндеттер қатарына білім берудің мазмұны мен құрылымын жаңарту; білім беру үдерісін оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз етуді жетілдіру; білім беруді, ғылым мен өндірісті өзара байланыстыру; жаңа педагогикалық, ақпараттық технологияларды енгізу. Соңғы жинақталған мақсаттарға қол жеткізу, Қазақстан Республикасының жаңа білім беру саясатының маңызды басымдықтары	

			олардың әрқайсысын шешуге байланысты, мәселен: оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыру; білім беру жүйесінің елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық жоспарларына сәйкестігі. Осылайша, қазақстандық білім беру қазіргі жағдайда ұлттық қауіпсіздіктің, әлеуметтік тұрақтылықтың және қоғам дамуының аса маңызды факторы болып табылады. Осыған байланысты мұғалімнің кәсіби әлеуетін дамыту мәселесі өзектілігімен ерекшеленеді, оны шешу жаңашыл типтегі оқу орнын сапалы қайта құруды қамтамасыз етеді. Өйткені, білім беру парадигмасын, білім беру жүйесін және оның заңнамалық-құқықтық базасын, білім беру мазмұны мен әдіснамасын, оқыту мен тәрбиелеуде қолданылатын әдістер мен технологияларды және т.б. өзгертуге болады. Білім беру сапасы осы «ғылыми тұжырымдамаларды» күнделікті білім беру қызметінде кім және қалай іске асыратындығымен анықталатын болады. Сондықтан елімізде білім беру мазмұнын жаңарту шарттарына сәйкес педагогтердің кәсіби әлеуетінің мазмұнына жоғары талаптар қойылады.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/	Диссертациялық жұмыстың көтеріп отырған мәселесі ғылымға айтарлықтай үлес қосады, оның маңыздылығы да барынша жақсы ашылған.

		ашылмаған.	Жұмыстың ғылымға қосар маңыздылығы, атап айтқанда қазіргі білім беру мазмұны аясында педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтаумен және қазіргі жоғары оқу орындарындағы білім беру мазмұнында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру және дамыту моделінің жасалуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар зерттеу бағыты мазмұнына сәйкес келетін «Педагог әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың теориясы және әдістемесі» атты элективті курстың бағдарламасы жасалып педагогикалық тәжірибеге енгізілуі әрі оны жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық тәжірибелік эксперимент жүргізіліп, қорытындылануы мен соның нәтижесінде болашақ мұғалім мамандарын дайындау үдерісінде барлық мамандықтарға (бастауыш сынып мұғалімдері мен орта, жоғары сыныптардағы жеке пән мұғалімдері) бейімдей отырып пайдалануға болатын мүмкіндігінің бар екендігімен сипатталады.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) <u>орташа</u> ; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты дайындауда диссертанттың өзі жазу <i>орташа жоғары</i> екендігі теориялық тұрғыда қазіргі білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудағы Қазақстандық және алыс, жақын шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеу

			еңбектеріне талдау жасап, тәжірибе барысында алған нәтижелері негізінде көрініс тапқан. Автордың тақырыптын мазмұнын ашу мақсатында ғылыми жаңа ақпарат көздерін зерттеуі педагогтын кәсіби әлеуетін қалыптастырудың теориялық және практикалық тұрғыда кешенді жүргізуі диссертанттың өзіндік даму бағытын айқындайды.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны, өзектілігі, теориялық және практикалық бөлімдерінің өзара қисынды байланысуы ішкі бірлік принципіне сай келеді. Зерттеуші А.Б. Даникееваның қол жеткізген барлық ғылыми нәтижелері зерттеу аясында логикалық тұрғыда бірізділікпен жүйелі байланысқан. Жұмыстың ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу нысаны мен пәні, зерттеудің мақсаты мен міндеттері ішкі бірлікке негізделіп, орындалған. Зерттеу барысында алынған нәтижелерін педагогтын кәсіби әлеуетін қалыптастыруда бейімдей отырып пайдалануға болатын мүмкіндігі бар. Зерттеу нәтижелерін мамандық бойынша ЖОО-да даярланатын білім алушыларға, біліктілікті арттыру мен жетілдіру институттарында оқылатын курстарда пайдалануға болады.

	4.2.Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды;</u> 2)жартылай айқындайды; 3)айқындамайды	Диссертацияның мазмұны аталмыш зерттеу тақырыбын <i>толық айқындайды</i>. Жұмыста зерттеу үдерісінің барлық негізгі компоненттері келтірілген. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімінен тұрады.
	4.3.Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация <i>тақырыбына сәйкес</i> келеді. Диссертацияның мақсаты ішкі бірлігі, бұл зерттеудің ғылыми аппаратының жүйелілігімен, тақырыптың айқындылығымен байланысты, бұл келесі мақсат-міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты: Қазіргі білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасуын теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу, құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, тәжірибелік-эксперименттік жұмыста сынақтан өткізу. Зерттеудің негізгі міндеттері: 1. Педагогтың кәсіби әлеуетінің әдіснамалық, теориялық негіздерін ашу; 2. Болашақ мұғалімнің кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздерін айқындау; 3. Қазіргі білім беру мазмұны аясында педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау мен моделін жасау; 4. Бүгінгі ЖОО-ның білім беру мазмұнында педагогтың кәсіби

		әлеуетін қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізу.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) <u>жартылай байланысқан</u> ; 3) <u>байланыс жоқ</u> .	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан бір-бірімен толық байланысқан. Ғылыми зерттеу жұмысында әрбір бөлімдер өзара бірізділікпен байланысып біртұтас жүйе құрайды. Өзара байланысты және өзара тәуелді көрсеткіштерді пайдалану, зерттеу нәтижелерін терең талдау жұмыстың мазмұнын толықтырады.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) <u>талдау жартылай жүргізілген</u> ; 3) <u>талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</u> .	Зерттеу барысында негізгі өзекті ғылыми мәселенің бұрыннан белгілі шешімдерін сыни талдау негізінде докторант өзі логикалық тұрғыдан бағалаған жаңа шешімдерді ұсынады. Қазіргі білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың теориялық негіздерінің құрылымын, мазмұнын, мәнін қазіргі көзқарас тұрғысынан негіздеген және болашақ мұғалімінің кәсіби әлеуетін қалыптастырудың шарттары айқындалған. ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде мұғалімдік қызметке болашақ мамандарды дайындау барысында олардың кәсіби әлеуеттерінің негізін қалыптастырудың қағидаларын айқындап, келешекте дамуына өзек болатын жаңаша білімдерді меңгеруге, кәсіби-әлеуеті

			калыптасып, дамыған педагог моделін құру негізделген.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделіп дайындалған, өйткені ғылыми нәтижелер мен <u>қағидаттар жартылай жаңа</u> болып табылады. Атап айтсақ, педагогтың кәсіби әлеуетінің әдіснамалық, теориялық негіздеріне талдау жасалынып негізделген. Болашақ мұғалімнің кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалған. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде әрине осы тақырыпқа ұқсас тақырыптар зерттелген, алайда бұл мәселе зерттеу жұмысының теориялық бөлімінде жан-жақты терең талданып отырғандықтан, 75% жаңа деп айтуға болады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық құндылығы: 1. Педагогтың кәсіби әлеуетінің әдіснамалық, теориялық негіздері қазіргі ғылыми көзқарас тұрғысынан ашылған; 2. Болашақ педагогтың кәсіби әлеуеті мен дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалып, жүйеленген; 3. Қазіргі ЖОО-да болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін дамытудың педагогикалық шарттары анықталып, моделі жасалынған; 4. Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен

		дамыту бағытындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізіліп, олардың нәтижелері алынған.
5.2	Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертацияның тұжырымдары <i>толығымен жаңа</i> . Педагог іс-әрекетіндегі кәсіби әлеуетінің мазмұны, мәні, авторлық анықтама және оған қойылатын қазіргі кездегі талаптар мен болашақ мұғалімнің кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуының ғылыми-әдістемелік жолдарын, педагогикалық шарттарын анықтап, логикалық-құрылымдық модельді құрастыру барысындағы талдауларды, теориялық тұжырымдары мен ұсыныстарын білім берудің барлық буындарында мамандар кәсіби қызметінде және мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының білім алушылары колдана алады.
5.3	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және толығымен негізделген, бұл білімгерлердің педагогикалық, психологиялық зертханалардағы жұмыстың, педагогикалық, психологиялық кеңес алуларының, арнаулы курсты оқып-үйренгенде, білімгерлердің «Инсайт» ғылыми қоғамында жұмыс істеуінің нәтижесінде қалыптасады. Сабақтар нәтижесінен, зерттеу сабағы, бағдарлама негізінде өткізілген сабақтар нәтижесі негізінде расталады.

6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды дәлелдемелерде негізделіп, ғылыми зерттеушілік бағыттағы түрлі басылымдарда 12 мақалада жариялаған. Соның ішінде 3 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 1 авторлық бірлестікте дайындалған монография, 1 авторлық куәлік, 3 мақала ҚР ұйымдастырылған және халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, 4 мақала алыс-жақын шетелдердегі халықаралық конференция журналдарында жарияланған.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа;	7.1. Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар дәлелденген. 7.2. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес. 7.3. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа. 7.4. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең. 7.5. Автордың жеке қатысуы диссертацияда баяндалған және халықаралық конференцияларда, ғылыми журналдарда ғылыми мақалалары жарияланған.

		3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	
8	Дәйектілік принципі дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Әдістеменің тандауы – негізделген. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі сақталған. Диссертациялық жұмыста келтірілген нәтижелердің дұрыстығы мен сенімділігі зерттеудің мақсатын, міндеттерін жүзеге асыру мен болжамның шынайылығына сенімділігін арттыру мақсатында үйлесімді кешенді әдістемелер мен әдіс-тәсілдер пайдаланылған, педагогикалық және т.б. еңбектердің тұжырымдамалық қағидаларын басшылыққа алып, педагогикалық тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өңдеп және алынған мәліметтерді саралап, талдау қорытындысымен қамтамасыз ету оңтайлы үйлесімін тапқан.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ;	Диссертацияның нәтижелері педагогикалық зерттеу әдістері мен мәліметтерді өңдеу әдістерін қолдану арқылы алынған. Нәтижелері өңделіп, компьютерлік технологияны қолданып, кесте және диаграмма түрінде ұсынылған.

		2) жоқ	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, тұжырымдар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған. Алынған нәтижелер теориялық және педагогикалық тәжірибелік тұрғысында дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған/ расталмаған	Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/ жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер көзі жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 199. Отандық, алыс жақын шетел ғалымдарының зерттеулеріне тақырып бойынша шолу берілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеудің теориялық маңыздылығы бар, өйткені қазіргі білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуеті дамуының теориясы, «педагогтың кәсіби әлеуеті» және «педагогтың кәсіби әлеуетін дамыту» ұғымдарының мәні мен мазмұнына талдаулар

		жасалынған, Диссертациялық жұмыстың негізі болып табылатын түсініктер жайында кейінгі жылдардағы психология мен педагогикада қалыптасқан жеке тұлғаның кәсіби әлеуетін анықтау жолдарын, тәсілдерін, заманауи тұжырымдамалары басшылыққа алынған және соларға сүйене отырып сипаттамалары берілген. Педагогтың кәсіби әлеуетінің жалпы құрылымдық компоненттері тұжырымдалған. Педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың құрылымды-мазмұндық моделі жасалған.
9.2	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	<i>Зерттеудің практикалық маңыздылығы</i> бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Атап айтқанда, жоғары оқу орнында педагогикалық мамандықтар бойынша дайындалатын жеке пән мұғалімдерінің /бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі, тарих, география, қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі мұғалімі, химия, физика, математика, информатика және т.б./ кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуының жолдары, әдістемесіне арналған элективті курстарды енгізу және осы бағытта болашақ педагогтың кәсіби дайындығы үрдісінде қолданылу мүмкіндігі жоғары.
9.3	Практикалық ұсыныстар жана болып табылады? 1) толығымен жана;	Практикалық ұсыныстар толығымен жана болып табылады.

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Қазіргі жоғары оқу орындарындағы білім беру мазмұнында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру және дамыту моделінің жасалуы мен зерттеу бағыты мазмұнына сәйкес келетін элективті құрылым бағдарламасы жасалып педагогикалық тәжірибеге енгізілуі және оны жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық тәжірибелік эксперимент жүргізіліп, қорытындылануы мен соның нәтижесінде болашақ мұғалім мамандарын дайындау үдерісінде барлық мамандықтарға /бастауыш сынып мұғалімдері мен орта, жоғары сыныптардағы жеке пән мұғалімдері/ бейімдей отырып пайдалануға болатын мүмкіндігінің бар екендігімен сипатталады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен	Академиялық жазу сапасы жоғары.

Қорытындылай келе, диссертацияда жоғарыда айтылған жетістіктермен бірге келесі кемшіліктер мен ұсыныстарды айтуға болады:

1. Зерттеу бағыты педагогика және психология болғандықтан жұмыстың теориялық бөлімінде болашақ педагог мамандарды психологиялық тұрғыда дайындаудың психологиялық аспектілерін зерттеген отандық психолог ғалымдардың зерттеулеріне көбірек талдау жасау керек еді.
2. Үш кезеңде жүргізілген диагностика әр педагогтың кәсіби өсу деңгейін бақылауға мүмкіндік берді, оның жеке тұлғалық қасиеттерін және кәсіби қызметтегі мәселесін шешуге және әр педагогтың кәсіптік қызметінің қай іскерлігі жеткілікті қалыптаспағанын қарастырып, мәліметтер алдық деп көрсете отырып, қандай диагностика түрі қолданылып нақтыланғаны жөн деп ойлаймын.

3. «Педагог әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың теориясы және әдістемесі» атты элективті курстың құрылымы: мазмұны, тақырыптары, бөлінген сағат, өткізу уақытын қосымшада толық көрсету керек сияқты.

Дегенмен де, көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұсқан келтірмейді және академиялық адалдық принциптеріне сәйкес деп бағалаймын.

Даникеева Айгуль Бакытжановнаның «Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуы» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған талаптарына сәйкес орындалған. Қорыта айтқанда, Даникеева Айгуль Бакытжановнаның 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.



Копы
Подпись
Раставимый: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» ЖАҚ HR қызметі
Заверено: НАО «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» HR служба

М.К. Бапаева

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
теориялық және практикалық психология кафедрасының
профессоры м.а., психология ғылымдарының кандидаты